

Өткізілген іс шаралар



Аналарға кеңес

Қыз бала – ұлттың ұяты, халықтың шырайы.

1. Қызыңыз сізге 13 жастан бастап барлық сырын бөлісе алатындай құрбы болыңыз.
2. Қызыңыздың алғашқы етеккірі келген сәттен бастап ашық түрде әңгімелесіңіз.
3. Өтпелі кезеңде қызыңыздың мінез-құлқына және жүріс-тұрысына көңіл бөліңіз.
4. Қызыңыз сән қуып, тар киімдер яғни корсет, белдік, тар төсқап тағуға жол бермеңіз.
5. Жыныстық қатынас арқылы берілетін инфекциялық аурулардың түрлерін, олардың қалай жұғатынын және оның зиянды жақтарын түсіндіріп отырыңыз.
6. Қызыңыз мектеп жасынан жүкті болып қалмау жағдайын түсіндіріңіз.
7. Жыныстық жолдар арқылы берілетін аурулардан сақтанудың жолы тұрмысқа шыққанша жыныстық қатынасқа бармау керектігін ұғындырып отырыңыз.
8. Қызыңызды ішімдік, темекі сияқты зиянды әрекеттерден аулақ болып, салауатты өмір салтын ұстануға үйретіңіз.

«Қыз» ең қасиетті сөз.

Қасиетті болатыны бүкіл адамзат қыздан тарайды. Қыз келін болады, келін анаға айналады, ал ана әже деген зор дәрежеге жетеді. Осы үшеуі арқылы ұрпақ өсіп, ұлт қатарын көбейтеді.

Қыздар тәрбиесіне арналған жадынама

1. «Қызым үйде – кылығы түзде» дегізбей анаңа бар сырынды жасырмай айтып, сырынмен бөлісуді әдетке айналдыр.
2. Бос уақытыңды тиімді пайдалануды үйрен кітап оқып, түрлі үйірмелерге қатыс.
3. Жеке бас гигиенасын яғни іш-киімдеріңді үнемі таза ұстауды естен шығарма.
4. Жігітпен жүрмес бұрын, оның қандай адас екеніне қатты көңіл бөл, яғни сенуге болатын адам екеніне көз жеткіз.
5. Бой жеттім маған бәрі болады деп, Батыс елінің мәдениетіне еліктеп өзінді жоғалтып алудан сақтан.
6. Өзінді қарапайым қазақ қызы екеніңді ұмытпа, өйткені ата-анаң, бауырларың, өзін оқыған алтын ұя мектебің барлығы өзіңе үлкен үміт артып отыр деген пікір қалыптастыр.
7. Күйеуге шықпай тұрып, жүкті болудан сақтан, өйткені жігіттің ештенесі кетпейді, зардар шегетін өзін ғана және ата-анаң елге караудан қалатынын ойлан.
8. Жыныстық қатынасқа ерте түсу түрлі жұқпалы аурулардың жұғуы, әсіресе жазылмас дерт СПИД-ке шалдығудың көзі екенін жадыңнан шығарма.
9. Аборт жасату, я болмаса жүктілікке қарсы құралдарды пайдалану, бұрын балалы болмаған қыздарға қаншалықты зиян екенін ұғын.
10. Отан отбасынан басталады десек, сол әрбір кіші отанның ұйытқысы, берекесі әйел адам. Ұлттың адаспай ұлт болып қалуы, қоғамның ырғақты дамуы, мемлекеттің өркендеуі – соңында келіп әйелге, келешек Ана болар қыздардың қалай тәрбиелетініне байланысты болмақ.
11. Әрқашан еркін сөйлеп, ойын ашық айтатын ешкішпін ешуақытта да әйелдік болмысыңды жоғалтпайтын қазақтың қызы болып қалуға өзінді тәрбиеле.
12. Қымбатты ЖАС ДОС осы айтылған жаднамалардың сәлде болса көмегі тиіп, мағынасына терең үңіліп, түсінеді деген сенімдеміз.

Мектеп әкімшілігі

Қыздарға әсемдік жарасады

2023-2024 оқу жылы

(сабақтың тақырыбы)

Бөлім:

Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Күні:

Сынып:
Тәрбие тақырыбы

Мақсаттары

Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Қыздарға әсемдік жарасады

қыз балалардың бойына қыз бейнесіне тән мінез – құлық сипатын қалыптастыру. Оқушыларды бір – бірімен, айналадағы ортамен үйлесімді қарым – қатынас жасауға дағдыландыру, мәдени сөйлеу біліктілігін дамытуға, өзара жағымды қарым – қатынасын арттыру, оларды адамгершілікке, шындыққа, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезені/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>«Амандасу» жаттығуы</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Әрі қарай бірге жұмыс жасау үшін топқа ортақ жағымды ауа райы (атмосферасын) құру. Қыз балаларға өз бойынан өмірде қолдануға қажетті жағымды қасиеттерін табуға көмектесу.</p> <p>•</p> <p>Қатысушыларға ойыншық беріледі. Сағат тілі бойынша әрбір қыз өз – өзін таныстырып, ойыншықты бір – біріне беріп отырады. Таныстыру шарты келесідей: 1) өзінің есімін айтады. 2) өзінің есімінің алғашқы әрпінен басталатын сын есімді атау қажет (бұл сын есім әр адамның өзінің бойындағы сипаты, жағымды қасиеті, мінез – құлқының, жүріс – тұрысының қандай да бір ерекшеліктері болуы мүмкін) қатысушылар бір – біріне демеу бере алады.</p> <p>«Автопортрет» жаттығуы.</p>	<p>«Өрмекші торы» жаттығуы.</p> <p>Нұсқау: Қатысушылар шеңбер құра отырады. Ойынға барлығы қатысуы тиіс. Жіп кімнен ілініп басталса, сонымен аяқталып өрмек жиналу керек.</p> <p>Жаттығу шарты: Топта бірін-бірі жақын танығандықтан, әр кім 1-ші өзінің достарына айтар тілегін, қошеметін, жағымды қылықтарын</p>		

	<p>Нұсқау: әр қатысушыға қос беттен беріледі, өз сипаттамасын тек бір жағына ғана жазу керектігі және 2 минуттан кейін есімдері көрсетілген беттерді тренер жинап алынатындығын ескертеді.</p> <p>Жаттығу шарты: Сізді таныс емес адаммен кездесу күтіп тұр делік, ол бірден сізді тану үшін өзіңізді сипаттап жазыңыз. Көпшіліктен өзіңізді ерекшелендіріп тұратын белгілеріңізді табыңыз. Бет-әлпетіңізді, жүрісіңізді, сөйлеу мәнеріңізді, киім киісіңізді, зейінді аударарлықтай ым-ишараларыңыз болса т.б. Тренер алдыңғы жаттығуда алынған автопортреттерді кезекпен оқиды. Қатысушылар кімнің портреті екендігін табу керек. Табылған портрет несі ортадағы орындыққа отырады.</p>	<p>білдіріп жіпті саусағына іледі, өрмек тоқылды. 2-ші кері бағытта, бірақ сол ізбен достарының бойына қажет емес қасиеттерін, қылықтарын айту. Өрмекті жию.</p> <p>Рефлексия: Айтылған тілектер мен сынды қабылдаймыз ба? Сын орынды айтылды ма? Бұл жаттығудың максаты да сол, сын түзелмей, мін түзелмейді – дегендей, айтылған ескерте, сындарды түзете білейік. Болдырмайық.</p>		
<p>Сабактын ортасы</p>	<p><i>Қыздарға кеңес</i></p> <p>Қай кезде де түзу болсын сәлемін Қадір тұтар сонда сені бар елің Білімді бол ісмерлікке бейімді Өміріңе керек болар кейінгі. Жан болмасаң жасыңда әдеп көрмеген, Үлкен жолын кесіп өтпе көлденен. Шектен шығып, сәнқойлыққа ұрынба, Бетті бояп, қайшы салма бұрымға. Ұятты бол, сақта арынды жасыңнан Сонда ғана бақ кетпейді басыңнан, Қума босқа мақтан менен желікті, Қыз дегенің қылығымен көрікті.</p>			

	<p>Ісің бітпей әңгіме айтпа көпіріп, Содан шығар өсекпенен өтірік. Түн ұйқысын төртке бөлген сен үшін Ата – анаңды сыйлап өту борышын. Биязылық сенен тапсын жарасым, Сақта есіңе, сен болашақ анасың. Жастан үйрен ұлттық әдеп – ғұрыпқа, Қазақ кызы екенінді ұмытпа!</p>			
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>«Сықырлы қобдиша» жаттығуы. Нұсқау: Қатысушылар шеңбер құра отырады. Ортада сықырлы қобдиша тұрады. Сыйлықтар – қағазға жазылған адамгершілік қасиеттер. Жаттығу шарты: Қобдишадан әр қатысушы кезекпен бір сыйлықты таңдап алып, ішінде жазылған сөзді лайықты деп санаған адамға сыйлайды. Сыйлықтар үлестірілгеннен кейін, шеңбер бойынша өзінің сыйлығын айтады. Рефлексия: сонымен, қоршаған орта да осы қасиетке сізді лайық деп таныса, жеке-жеке қошемет көрсетейік. Сыйлықтарыңыз құтты болсын!</p>			

**Ерте жүктілік және оның жасөспірім
қыз балалардың денсаулыққа зияны**

2023-2024 оқу жылы

(сабақтың тақырыбы)

Бөлім:

Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Күні:

Сынып:

Тәрбие тақырыбы

Мақсаттары

Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:

Ерте жүктілік және оның жасөспірім қыз балалардың денсаулыққа зияны

Ананың балаға деген махаббатының шексіздігі, оның арман-тілегі туралы түсіндіру, отбасындағы ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, оқушының шығармашылық ойын, тіл байлығын, сөздік қорын дамыту, балалардың аналарға деген сүйіспеншілік сезімін ояту, ана еңбегін ардақтап, құрметтеуге тәрбиелеу.

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезені/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ана әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы, ақ сүтін емізіп аялаған, жанын да аямаған ардақтысы. Мен ана деген сөзді қанша айтсам да жалықпаймын. Өйткені ол дүниедегі ең ардақты жан. Ана баланы тоғыз ай көтеріп, толғатып, дүниеге келтіріп қана қоймайды, оны көзінің қарашығындай қорғап, аялап өсіріп аяғынан тік тұрғызады. Өмір есігін жана ашқан баланың бойына елінің рухын сіңіретін, жылауын қойғызатын ана. Ана баланың амандығын бақытты, абыройлы болуын тілейді. Бойымыздағы ең жақсы қасиеттер бізге алдымен анадан тарайды. Қайран ана, өз перзентін әдемі не ұсқынсыз, ақылды не ақымақ, мейірімді не рақымсыз, кесір-қырсық болса да бәрібір шексіз сүйеді. Дүниеде ананың көз жасынан салмақты, одан ауыр таразы басын басатын ештеңе жоқ. Өйткені ананың көз жасы өзінің киесімен ауыр. Алайда «Ананың көңілі-баллада, баланың көңілі -далада» демекші, өзінің перзентік борышын ұмытқан, сөйтіп атанасын сыйламайтын адамдарды да өмірден кездестіруге болады. Ана-тіршіліктің гүлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі. Анасы жоқ балала	Қазақ халқы қызының жазылмас дертке ұшыраумауы үшін, жаза қадам баспауы үшін мынадай он түрлі талап қойған: 1. Әдепті болу. 2. Ар-ожданы пәк болу. 3. Кенпейіл, кешірімді болу. 4. Мейір-шапағатты болу 5. Ақыл-парасатты болу 6. Сабырлы-салмақты болу 7. Адал, ақ жарқын болу 8. Моральді-мұратты болу 9. Әжет, батыл болу 10. Ұят намысты болу.		презентация

р да аз емес. Олар ананың мейірімін, аялағанын ешқашан сезген емес. Ендеше, анамызды сыйлап, құрметтейікші достар!

Жәмилә.
Инабатты қыз өсіру ниетімен тыйым сөздерді де пайдаланған, қызға 40 үйден тыйым болған.
Жарыса сөйлеуге.
Жалғыз қыдыруға
Жартақтап күліп, сыпсындап сөйлеуге
Орынсыз ұрынуға
Басқаларға қол тигізуге
Өтірік, өсекке
Суық жүріс, сұман қылыққа
Кісіге қарай керіліп есінуге болмайды.
Азиза
Тамақты обырлана асауға
Ұрлық-қарлыққа
Ұятты мүшелерін ашып жүруге
Бұрандап қылымсуға
Қызыл іңірде жатуға
Түске дейін ұйықтауға
Еркежан
Кісі алдында қасынуға, киім ауыстыруға
Салт-дәстүрден аттауға
Елді ғайбаттауға
Үлкендердің жолын кесіп, атын

		<p>атауға Ішімдік пен шегімдікке Ұрыс-керіске Беттен алып, төске шабуға Қараулыққа, ыс ырыпқа баруға болмайды. Дариға Рахымсыздық пен катыгездікке Түнде суға жалғыз баруға Наргис Әдепсіз сөзге Тарас-тұрыс етуге Адам мен жануарларды тебуге Кісіні қорлап жәбірлеуге Тәкәппарлық пен сайқымазақ жасауға Акерке Айғай сүренге Шектен тыс сыланып жасануға Қызғаншақтық пен күншілдікке Менмендік пен өзімшілдікке Алдап-арбауға Көрсекызарлық қа</p>		
<p>Сабактың ортасы</p>	<p>«Киіміне қарай қарсы алып, Ақылына қарай шығарып салады» деген. Әрбір қыз бала өзінің кейінгілерге үлгі болу керек. Үлкенді сыйлайтын, кішіні сипайтын- жақсы қыз, өнегелі, тәрбиелі қыз. Ақ жолға бастайтын жеті жетекші бар, бойына сіңіре білген, қалыптастыра білген адам-тәрбиелі адам. 1. Адамның басшысы-ақылы. 2. Жетекшісі-талап. 3. Жолаушысы-ой.</p>			<p>Интербелсенді такта/ компьютер</p>

	<p>4. Жолдасы-кәсіп.</p> <p>5. Қорғаны-сабыр.</p> <p>6. Қорғаушысы-мінез.</p> <p>7. Сынаушысы-халық</p>			
<p>Сабактын соңы</p>	<p>Бұл тыйым сөздердің мағнасын түсініп есте сақтау қажет. Айтылған өнегелі тыйым сөздер ұстаздардың, сынып жетекшілерінің үйреткен ақыл-кеңесі, білімі, ата-анаың берген тәрбисі- бәрі-бәрі адамгершілікке тәрбиелеу болып табылады.</p> <p>Сонымен қорытындылай келе қыздарымызға айтарым:</p> <p>-ата-анаға сөз келтірмейтін, ананың мақтаны, тәртібімен, өнерімен ұлтыңның намысын қорғайтын қыздар болындар.</p>			<p>презентация</p>